

«6D050600 - Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Кулембаева Флора Мухитдиновнаның «Кәсіпорын қызметтің тиімділігін жоғарылату жүйесіндегі аутсорсингтік бизнес-модель» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен <u>каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған</u> (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Зерттеу тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларының жекелеген аспектілерімен тығыз байланыста зерттелген. Сондықтан ғылымның даму бағыттарына, ғылым мен тәжірибелің сұранысына сәйкес келеді деп айтуда негіз бар.</p> <p>Диссертация келесідей мемлекеттік бағдарламалар мен стратегияларда көрсетілген ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді:</p> <p>1) жок</p> <p>2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015жылғы 31наурызданғы № 168 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесі қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы». – http://adilet.zan.kz/</p> <p>3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31желтоқсанданғы № 1050 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасын индустріялық-инновациялық дамытудың 2020-2025жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001050</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпанданғы №521 жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2025жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары». – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636</p> <p>5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021жылғы 12 қазанданғы №728 қаулысымен бекітілген 2020-2025жылдарға арналған кәсіпкерлікти дамыту жөніндегі Ұлттық жоба.</p> <p>– https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000728</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u>	<p>Қазіргі бәсекелік органдар қүшесінде және экономикалық тұрақсыздық жағдайында отандық кәсіпорындар қызметтің тиімділігін жоғарылату маңызды міндеттердің бірі. Осында маңызды міндеттерді шешудің тиімді құралдарының бірі аутсорсинг жүйесін қолдану болып табылады. Диссертациялық жұмыста аутсорсингтік теориялық –әдістемелік, практикалық аспектілері, кәсіпорындар қызметтінде аутсорсингтік бизнес-модельді енгізу мәселелері жан-жақты зерттелген және толық ашылған. Сондықтан бұл жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, сондай-ақ оның</p>

			маңыздылығы ашылған деп айтуда болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жогары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияда автор зерттеу тақырыбы кең көлемде ізденістер жасаған. Қолданылған зерттеу әдістемелері нақты және айрықша, сондай-ақ әдебиеттік шолу мен практикалық тұрғыда жасалған талдаулар маңызды және құндылығы жогары. Жүргізілген зерттеулер негізінде белгілі бір авторлық дәйектемелер мен ұсыныстар жасалған. Зерттеу нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарық көрген. Осы аталғандардың барлығы диссертациялық жұмыстың дербес орындалғанын, өзі жазу принципі сакталғанын және оның деңгейі жогары екендігін көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация елімізде жеткілікті деңгейде зерттелмеген тың тақырыптардың біріне арналған. Аутсорсинг қызметі түрлі салалар мен сфераларда қолдану жиілігі мен тиімділігі соңғы жылдары айқын байқалып келеді. Ол бірінші кезекте кәсіпорынның шығынын азайтып, пайдасын ұлғайтуға, логистикалық жүйені жетілдіруге, қызмет тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты диссертация тақырыбының өзектілігі негізделген деп айта аламыз.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) <u>айқындаиды;</u> 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны логикалық бірізділікті сақтай отырып құрылған. Зерттеу тақырыбының теориялық-әдістемелік аспекттері ашылған, елімізде аутсорсингтің даму жағдайы мен тиімділігіне экономикалық талдау жасалған, отандық кәсіпорындар қызметінде аутсорсингтік бизнес-модельді енгізуі жетілдіру жолдары ұсынылған. Сондықтан да диссертацияның мазмұны оның тақырыбын айқындаиды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Таңдалған зерттеу тақырыбына сәйкес жұмыстың мақсаты дұрыс айқындалған және шешімін табуы тиіс міндеттер нақты көрсетілген. Айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес зерттеулер жүргізілген, белгілі бір ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген. Ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттері оның тақырыбына толық сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның құрылымы мен бөлімдері логикалық жүйелілікпен жасалған. Әрбір бөлімдер бойынша қарастырылуы тиіс мәселелер қамтылған және жұмыстың мазмұнын толық аша алады. Автор теориялық бөлімде аутсорсингтің мәні мен маңызын, ұйымдастыру ерекшеліктерін, тиімділігін бағалау әдістемелерін қарастырған. Талдау бөлімінде отандық кәсіпорындарда аутсорсингті қолдану жағдайларына, аутсорсингтік бизнес-модельді енгізуден болатын экономикалық тиімділігіне талдау жасалған. Ушінші бөлімде аутсорсингті енгізу бойынша өзекті мәселелер жүйеленіп, оларды шешу жолдары ұсынылған. Аутсорсингтік бизнес-

			модельді енгізу алгоритмі ұсынылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Зерттеу тақырыбы бойынша бұрын жасалған ғылыми ізденістер мен анықталған шешімдерге сынни талдау жасай отырып, аутсорсингтік бизнес-модельді енгізу мен оның тиімділігі бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар жасалған. Сонымен қатар бизнес-модельді енгізу алгоритмі айқындалып, бизнес-модель сызбасы ұсынылған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жартылай жаңа болып табылады. Себебі, автор шетелдік озық тәжірибелерді зерттей отырып ұтымды тұстарын елімізде қолдану мүмкіншіліктерін қарастырған, сондай-ақ, аутсорсингтік тиімділігін бағалаудың әдістемелік негіздерін жетілдіру жағдайлары қарастырылған. Бұл ғылыми жаңалықтар жартылай жаңа болып табылады. Ал, аутсорсингтік қызметтің тиімділігін бағалайтын модель, аутсорсингті енгізу алгоритмін және аутсорсингтік бизнес-модель сызбасын жаңа ғылыми нәтижелер ретінде бағалауга болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысының қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Автор нақты зерттеулер мен ізденістер нәтижесінде шынайы қорытындылар дайындаған және зерттеу тақырыбы Қазақстанда бұрын зерттелмеген жаңа тақырыптардың бірі.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа болып табылады. Себебі, аутсорсингті отандық кәсіпорында пайдалану тиімділігін раставтын енгізу актісі бар.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен қорытындылары ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Олар ғылыми маңызды әдеби көздерге және эмпирикалық деректерге, сондай-ақ бағдарламалық құралдарға негізделген. Зерттеу жұмысында теориялық-әдіснамалық тәсілдермен байланысты барлық негізгі тұжырымдар шетелдік және отандық ғалымдардың кеңінен танылған іргелі еңбектерін пайдалануға негізделген. Статистикалық деректердің объективті, шынайы базасы мен есептерді пайдалану арқылы Қазақстан Республикасында

			<p>макро және микро деңгейлерде аутсорсингті талдау нәтижелері қарастырылды. Қәсіпорындардың аутсорсингті пайдалануына кедергі көлтіретін факторларды және оның кемшіліктерін, сондай-ақ шетелдік тәсілдердің салыстырмалы сипаттамаларын талдау нәтижесінде анықталған мәселелер негізінде оның шешу жолдары ұсынылған.</p> <p>Алынған негізгі тұжырымдардың негізділігі мен сенімділігі зерттеудің сандық және сапалық әдістерінің кең спектрін қолдану арқылы анықталады.</p>
7.	Көрғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) оргаша; 3) кең <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>Ізденуші көрғауға төрт негізгі қағидаттар шығараады:</p> <p>1-қағидат.Шетелдік әдебиеттері контент талдау нәтижелері негізінде автордың анықтаған аутсорсингтік бизнес-модельді енгізу мотивтері;</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 тар</p> <p>7.5 иә</p> <p>2- қағидат. Қазақстандық кәсіпорындарда сынақтан откен (апробированная) аутсорсингті енгізу тиімділігін бағалау әдістемесі;</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 тар</p> <p>7.5 иә</p> <p>3- қағидат. Қазақстандық кәсіпорындардың қызметіне жүргізілген сауалнама мен SWOT талдау нәтижелеріне негізделген аутсорсингті енгізу проблемаларын шешу бойынша практикалық ұсынымдар кешені;</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 тар</p> <p>7.5 иә</p> <p>4- қағидат. Аутсорсингті енгізуіндегі ұсынылған кезеңдеріне байланысты және аусорсингтік бизнес-модельдің авторлық схемасын ескеретін үйымдастырушылық сипаттағы ұсынымдар;</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 тар</p> <p>7.5 иә</p>

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияда колданылатын әдістеме мен қолданылатын зерттеу әдістері жоғары деңгейде негізделген, зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді және алынған нәтижелердің объективтілігін растайды. Зерттеу барысында алдымен әдістеме егжей-тегжейлі сипатталған, оған сәйкес жүйелік және салыстырмалы талдау, саулнама әдісі, эконометрикалық талдау әдістері (сенімді статистикалық мәліметтер негізінде) сияқты әдістер эмпирикалық түрде қолданылады.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Ізденуші контент талдау жасаған. Регрессиялық модель арқылы аутсорсингтің тиімділігін анықтаған.</p> <p>Статистикалық мәліметтерді өндеу үшін MS Excel, Gretl және R бағдарламалары қолданылды.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модель, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Себебі, зерттеу жұмысында Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кәсіпорындардан саулнама алынды, оның нәтижелері талданды. Сонымен қатар, бірнеше кәсіпорын мәліметтері негізінде регрессиялық модель жасалынды.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Академиялық адалдық принципі расталды. Әдебиеттер тізімі бойынша диссертацияда қажетті сілтемелер бар, отандық және шетелдік ғалымдардың өзекті және сенімді әдебиеттерінің көздерін қамтиды.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Ізденушінің пайдаланылған әдебиеттер тізімі сапалы әдеби шолуга жеткілікті деп санаймын. Автор сонымен қатар зерттеу тақырыбы бойынша ең заманауи басылымдарды қарастырған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар, себебі оның ғылыми ұсынымдарын болашақта ғылыми жұмыстарда қолдануға болады. Сонымен қатар, көптеген кәсіпорындар аутсорсингтің мәнін, маңызын толық түсіне бермейді және оны енгізу барысында пайдаланыла алады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелер практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертацияда алынған</p>

		<p>қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	<p>нәтижелерді кәсіпорындар аутсорсингтік қызметті енгізу кезінде пайдаланылуына болады. Оны «Smash LTD» ЖШС-нің берген енгізу актісінен көре аламыз. Сонымен қатар, алғынан нәтижелер мен ұсыныстарды басқа да ғылыми жұмыстарда, зерттеулерде қолдануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. Оны жоғарыда аталып еткендей, аутсорсингтің мотивтерін анықтау үшін R бағдарламасы негізінде жасалған контент талдаумен, жүргізілген сауалнамаың нәтижелерімен, аутсорсингті енгізу ұсыныстарымен, аутсорсингтік бизнес-модель сыйбасымен сипаттауға болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Ізденуші диссертациялық жұмысты ғылыми тілде және жоғары деңгейде талапқа сай орындаған.</p>

Диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапанды қамтамасыз ету комитеті философия докторы (PhD) дәрежесін ізденушілердің диссертацияларына қойылатын талаптарға сәйкес орындағы. Диссертация толық дербес зерттеу болып табылады және ізденуші ұсынған сенімді ғылыми-практикалық нәтижелер мен негізделген ұсыныстардың жиынтығын қамтиды.

Кулембаева Флора Мухитдиновнаның «Кәсіпорын қызметтінің тиімділігін жоғарылату жүйесіндегі аутсорсингтік бизнес-модель» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ашық қорғауға ұсынылады, ізденушіге «6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) алуға лайықты.

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Экономика факультетінің «Экономика және кәсіпкерлік»
кафедрасының менгерушісі, ә.ғ.д., профессор



(Колы)

Майдырова А.Б.

